

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150  
жы  
Ахмет  
БАЙТҰРСЫНОВ

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 2022

6. Жұмаділов Қ. Қыл көпір. Роман, хикаят, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015.
7. Жұмаділов Қ. Академиктің көз жасы. Хикаяттаар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015.
8. Зайкенова Р. Қара сөздің қарагері. 18.03.2016.

*Материал редакцияға түсті: 15.06.2022*

**СЕРИКБАЙ О., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М., НУРСУЛТАНОВА, А.С.  
КАБДЕШ АЛАСШЕВЕЦ, НАЦИОНАЛИСТ, ГЕРОЙ**

*В романах К. Жумадилова часто повторяется имя народного учителя А. Байтурсынова. В статье отмечается, что причиной этого стал гражданский подвиг писателя К. Жумадилова, внесшего значительный вклад в возвращение китайских казахов, выехавших в Китай в 1916 году, его учебники и грамотность раскрыли наши соотечественники, жившие в Китае, Восточном Туркестане при советской власти, имя которого мы называем Аханом.*

**Ключевые слова:** Чугучак, роман, Тарбагатай, Алаш, Китай, алфавит, арабское письмо, Урумчи, Москва, консул, гражданский долг.

**SERIKBAY O., MYRZAGALIEVA, K.M., NURSULTANOVA, A.S.  
KABDESH ALASHEVETS, NATIONALIST, HERO**

*In the novels of K. Zhumadilov, the name of the national teacher A. Baitursynov is often repeated. The article notes that the reason for this was the civil feat of the writer K. Zhumadilov, who made a significant contribution to the return of the Chinese Kazakhs who left for China in 1916, his textbooks and literacy were revealed by our compatriots who lived in China, East Turkestan under Soviet rule, whose name we call Achan.*

**Key words:** Chuguchak, novel, Tarbagatai, Alash, China, alphabet, Arabic script, Urumqi, Moscow, consul, civic duty.

## ӘОЖ 82

**Бекбосынова, А.Х.**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,*

**Қуанышбаева, Г.Ш., Жақсылық, А.Ж.**

*6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті  
білім беру бағдарламасының 2курс студенттері,  
Ө. Сұлтангазин атындағы  
педагогикалық институты,  
А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан, Қостанай*

## ҚОРҚЫТ АТА НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

### *Түйін*

*Берілген мақала ұлт тарихындағы кемеңгер, мәшһүр, дана тұлға Қорқыт мұрасын, қазынасын, халқымыздың шығармашылық даналығын, философиялық дүниетанымын, гажайып күйшілік қабілетін терең танытуға бағытталған. Қорқыт ата кітабы – ұлт тарихы мен мәдениетінің бас кітабы. Мұхиттай шалқыған ойдың, даналық дәрістердің, сөз гауһарларының әлемі.*

**Кілт сөздер:** Қорқыт ата, нақыл сөз, қорқыт ата кітабы.

## 1 Кіріспе

Түрік тектес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының әдебиетінде өмірде болған-болмағаны нақты дәлелденбеген тұлғалар жетерлік. Олар жайлы түрлі аңыздар, өтірік-шыны аралас оқиғалар ауыздан-ауызға таралып бүгінгі күнге дейін жеткен. Халық арасында кең танымалдыққа ие сондай кейіпкерлерге – Жиренше шешен, Асан қайғы, Майқы би, Қорқыт атаны жатқызамыз. Еуропа әдебиетінде Қорқыт есімі 19 ғасырдан бастап белгілі бола бастады. Оның аңыз-әңгімелерін жинап, жинақ етіп шығаруда В.В. Бартольд, Ә.А. Диваев, И. В. Аничков, И. Жетпісбаев, В.А. Каллаур, И. Кастанье, П.И. Спиридонов секілді ғалымдардың үлесі зор.

Қорқыт Ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары, мақсат-мұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік-тұрмыстық толғаныстарының қазіргі таңдағы өзектілігін таныту – өзекті мәселелердің бірі. Оның дидактикалық тұрғыдан берілетін нақыл сөздерінің, оның ішінде ата-салтын қастерлеу, жалпы адамзаттық, адамгершілік құндылықтар туралы айтқан қағидалары бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Нақыл сөздерінің де тәрбиелік мәні теренде жатыр.

Қорқыт ата кім, қандай тарихи тұлға деген сұраққа әртүрлі пікір, жауаптар бар.

«Қорқыт» сөзінің этимологиясын Ә. Қоңыратбаев «*құтты адам, құт әкелетін адам*» [1] – деп көрсетсе, С.Қасқабасов «*өмір сарқылды, адам өлді*» деген мағынаны білдіреді деп санайды. Е. Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, «*дада, дедө*» деген сөздерді «*насихат айтушы жырау*» деп түсіндіреді. В. Жирмунский Қорқыт Атаны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады.

«Қорқыт» сөзі ертедегі түркілердің «*Хұр – кісі*» және «*хыт – құт*» сөздерінен шыққан. Ол «Құт әкелуші кісі» деген мағынаны береді [2].

Қорқыт ата – тарих сахнасында Сырдария өңірін мекен еткен, оғыз-қыпшақ ортасынан шыққан ақылгөй, данышпан, болашақты болжаған қария түрінде кезігеді. Қорқыт туралы аңыз көп тараған. Бір аңызда: оның ерекше туу тарихы, анасының оны үш жыл көтергені, ұзақ толғатқаны, сәби дүниеге келер кезде аспанды қара бұлт басып, найзағай ойнағаны, нөсер жаңбырдың құйғаны, адамдардың бұл құбылыстан қатты қорқып, балаға Қорқыт деп ат қойғаны, бала туған кезде аспан шайдай ашылып, әлемге күн сәулесінің төгілгені, сәбидің бірден сөйлеп кеткендігі айтылады. Тағы бір аңызда Қорқыт желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздеу үшін дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Бірақ оның алдынан шыққан көк майса «*қурап солдым*» деп, аспанмен тілдескен асқар тау «*бұрын сәулетті едік, мыжырайғыш біттік*» – деп мұңаяды. Жапырағы сарғайған қара орман қайғымен басын шайқайды. Ол қайда барса да көр қазып жатқандарға кездеседі. Қорқыт өлімге қарсы ем іздеуге әрекеттенеді, бірақ ол еңбегінен де ештеңе шықпайды. Соңында «*өлмейтін нәрсе жоқ екен*» деген қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобызда мәңгіліктің күйін тартумен өткізеді. Өлмеуді, мәңгі өмірді қобыз үнінен іздейді. Ол күйлерін толассыз тартып, дүниеден өтеді [3].

Қорқыт бабамыз асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы. Күйші қобызы бірде тағдырдың қайғы-мұңын шертіп, ботадай боздайды, бірде мәңгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сызыла сұңқылдайды.

Қорқыт – түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыршылық өнерлерінің атасы болып табылады.

Оғыз-қыпшақ тайпаларының тікелей мирасқоры қазақ және түрік ұлты саналатындықтан «Қорқыт айтты» делінетін сөздер көбіне осы екі халықтың арасында сақталып қалған. Сонымен қатар кейінірек оғыздар Кіші Азияға қоныс аударған кезде өздерімен ала барған әдеби мұралары түрік халқының ауыз әдебиетінен де кездесіп жатады.

Қорқыттың кім болғаны жайлы пікір-талас әлі күнге дейін тарқаған емес. Бір тобы өмірде болмаған, халықтың сан ғасырлық аңызының жиынтық бейнесі ретінде қараса енді біреулері оны өмірде болған адам ретінде көреді. Осы екі пікірге қарама-қарсы Қойшығара Салғараұлының жеке пікірі бар. Оның зерттеулерінше «біздің Қорқыт деп жүргеніміз шын мәнісінде Екінші Шығыс Түрік қағанатының негізін қалаушылардың бірі, заманының білім-

паз ойшылы, ел бірлігіне ұйытқы бола білген, көріпкел әулие ретінде танылған данышпан Тонүкөк болуы керек. Екеуі де бір кезеңнің перзенті – VII ғасырдың орта шенінде туып, VIII ғасырдың басында қаза болады. Екеуі де оғыз тайпасынан шыққан. Екеуі де өз ғұмырларында бірінен кейін бірі билік басына келген үш ханға (қағанға) уәзір болып қызмет істейді. Шынына келсек, оларды бір кісі емес пе деген ойға шақыратын басты дерек те екеуінің осы үш бірдей билеушіге уәзір болулары [4].

Әрине түрлі салыстырулар арқылы қаншалықты ұқсастық табылғанымен оның әлі де ғылыми түрде мойындалмағанын ескерсек бұл да бір болжам болып қала береді.

Қорқыттың бізге жеткен ең үлкен мұрасы ол – «Қорқыт ата кітабы». Осы уақытқа дейін «Қорқыт ата кітабының» екі түрлі нұсқасы белгілі деп келдік. Бірі 12 батырлық дастаннан тұратын неміс ғалымы Генрих Фридрих Дитц тауып, жария еткен Дрезден нұсқасы. Екіншісі 6 дастаннан тұратын Ватикан нұсқасы. 2019 жылы Уәлимұхамед Қожа есімді азамат Иранның астанасы Тегеран қаласындағы ескі кітаптар дүкенінен табылғанын жария етті. Ғылыми айналымға толық түспей, анығырақ зерттелмей тұрған бұл нұсқа әзірше түркі жұрты үшін үлкен жаңалық болып тұр.

«Қорқыт айтты» дейтін сөздер қазақ халқының мақал-мәтелдерінде осы күнге дейін көп кездеседі. «Қорқыт» дастанында мынадай өлең жолдары бар: *«Өшкен келмейді, өлген тірілмейді», «Қадір тәңірі бермесе, ер байымас», «Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас», «Жаяудың жұлдызы болмас, қалың құлан жауғасыз болмас».* Әуел баста Қорқыт айтқан бұл даналық сөздерді қазақ елі ғасырлар бойы есінде берік ұстап келген, ой атасы Қорқыттан сарқылмайтын бұлақ көзін мирас еткен. Қорқыт дәстүрінің қазақ сахарасында кең өріс алып, одан жарқын із қалғанын сипаттайтын айқын дәлелдің бірі осы. Оғыз заманынан келе жатқан эпикалық аңыздың көбі де қазақ халқының ерлік жырларында көркем, сәулетті түрде айтылып келеді. Олардың ашық дәлелі ретінде «Көрұғлы», «Алпамыс», «Бозұғлан», «Бозжігіт», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» тәрізді толып жатқан хикая, аңыздарды келтіруге болады. Бұл жырларды оқығанда көзге ерекше түсетін мәселелер – олардың сюжет құрылысы, эпикалық бейнелері. «Қорқыт» дастаны мен «Оғыз намеде» айтылатын эпикалық сарындармен өте ұқсас болып отыратындығы. Мәселен, оғыз-қыпшақ дәуірінен дәстүр болған әлеуметтік көрініс – ақын-жыраулар той үстінде қобыз бен домбыраның үніне қосылып, ерлік жырын айтып, өткен дәуірді еске түсіру. XVI ғасырда қағаз бетіне түскен «Қорқыт» дастанының негізі о баста Орта Азияда, Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша көп заман ауызша айтылып келген. «Қорқыт» туралы қария сөз қазақ сахарасында да кездеседі [5] – деп баяндайды академик Бартольд.

## 2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Қорқыттың дүниеге келуі, өліммен көресуі сынды аңыздар, Қорқыт ата кітабы, зерттеген ғалымдар туралы қарастырылды. Қажетті материалдар жинақталып мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Қорқыттың нақыл сөздерін теріп жазып, қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдер салыстыра отырып, тәрбиелік мәнін ашып қарастырдық.

## 3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

«Қорқыт айтты» дейтін қазақ халқының мақал-мәтелдері осы күнге дейін көп кездеседі. Қорқыт ата нақыл сөздерін мазмұнына қарай 5 түрге бөліп қарастырдық. Біз алпысқа жуық нақыл сөздеріне талдау жасап, кестеге түсірдік.

Тұрмыс-тіршілікке қатысты	Ана туралы	Өнеге, тәлім-тәрбиеге байланысты	Өмір мен өлім туралы	Туған жер, елге байланысты
1. Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас. 2. Тәкаппарды тәңірі сүймес.	1. Ананың көңілі балада болар. 2. Ниеті құрыған әйел, нысапсыз әйел, кесір әйел.	1. Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті. 2. Ата даңқын шығарып өзінің тегін қу-	1. Өмір барда өлім бар, өзгеру бар. 2. Өлмес өмір жоқ сынбас те-	1. Жер қадірін ел біледі, ер қадірін жер біледі. 2. Қар қаншама қалың

3. Өтірік сөз өрге баспайды. 4. Қонақ келмеген кара үйдің құлағаны игі. 5. Жалған сөз бұл дүниеде болмаса екен.	3. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. 4. Қыз анадан көрмейінше үгіт алмас. 5. Ана – ердің серігі, батырдың бағдаршысы, ұрпақтың ұлы анасы.	ған балаға ешкім жетпейді. 3. Құл – төбе болмас, күйеу бала ұл болмас. 4. Көңілі пасық ерде дәулет болмас. 5. Өзіңнен тумаса ұл өгей: қаншама бағып қаққанмен ол саған ұл болмайды, бәлки ол тәрбиелеген адамға көрдім, білдім деген сөзді де айтпас.	мір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді. 3. Ажал уақыты жетпейінше ешкім де өлмес. 4. Өлген адам тірілмес, шыққан жан қайтып келмес. 5. Өлімді тоқтатса тек өнер ғана тоқтатар.	жауғанымен – жазға бармас. 3. Құстың қонар жерін су білер, Малдың барар жерін ну білер.
---	---	--	---	--

Қорқыт айтқан мақал-мәтелдерді замандастарының айтқанымен, сонымен қатар, қазіргі таңдағы өзгеріске ұшыраған мақалдармен салыстыра отырып қарастырдық.

Қорқыттың мақал-мәтелдері	Замандастарының мақал-мәтелдері	Қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдер
1. Ананың көңілі балада болар.	1. Ананың көңілі ұяда, баланың көңілі қияда. (Халық)	1. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.
2. Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас.	2. Сүйексіз құрма – қабықсыз жаңғақ болмас. (М.Қашқари)	2. Сиырды қанша сауғанмен бие болмас.
3. Алла, Алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі демейінше ел байымас.	3. Алла, Алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі демейінше ел байымас.	3. Алла деп бастаған іс алдымен бітеді.
4. Өтірік сөз өрге баспайды.	4. Шындық сөз – бал, жалған сөз – пияз. (А.Иүгініки)	4. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.
5. Өлімді тоқтатса тек өнер ғана тоқтатар.	5. Тірі – өлер, ақыры жер жастанар, жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар. (Ж.Баласұғұн)	5. Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді.
6. Тәкәппарды тәңір сүймес.	6. Тәкаппарлықты басыңнан шығарып, кішіпейілділікті берік ұста. (М.Қашқари)	6. Тәкаппардың кісісі өлсе, жалғыз жылайды.
7. Ниеті құрыған әйел, нысапсыз әйел, кесір әйел.	7. Жаман қатын алғанша, қатынсыз жүрген жақсырақ. (М.Қашқари)	7. Салақ қатынның үйінен сабақты ине табылмас.
8. Өлген адам тірілмес, шыққан жан қайтып келмес.	8. Өлім келсе – өкінбей-ақ бара бер. (Ж.Баласұғұн)	8. Өлгендер қайтып келмейді.
9. Өзіңнен тумаса ұл өгей: қанша бағып қаққанмен ол саған ұл болмайды.	9. Іш май сұйық майдай бола алмас. (М.Қашқари)	9. Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды.
10. Жер қадірін ел біледі, ер қадірін жер біледі.	10. Көшіп-қонып көрмеген - жер қадірін не білсін, көшсе қона білмеген, қонса көше білмеген, ақылыңа көнбеген - жұрт қадірін не білсін?! (Асан қайғы)	10. Ел қадірін көрген біледі, жер қадірін жүрген біледі.
11. Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді.	11. Ащы айтты деп кінәлама ақынды, ащы сөздің түбі балдай татымды. (Ж.Баласұғұн)	11. Ақынға керек ақыл көп, асаулық керек аздаған.
12. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім де жетпейді.	12. Атаның ұлы – атасына тартып туар. (М.Қашқари)	12. Атадан жақсы ұл туса елінің қамын жейді.

Сондай-ақ, Қорқыт нақыл сөздерінің тәрбиелік мәнін негізгі екі бөлімге бөліп қарастырсақ болады:

**Тәрбие құралы және оқырманын сақтандыруы:** Қорқыттың «*Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық*», «*Жалған сөз бұл дүниеде болмаса игі*». Адамдарға өтірік айту – арсыздықтың белгісі. Өтірік адамның еңбегін күйдіріп, жоқ ететін қате амалдардың санатына жатады. Қадыр Мырза Әли айтқандай «*Айтар болсаң өтірік, өз аузыңмен айтасың*» демекші, өтірік адамның ашық дұшпаны екенін де Абай атамыз былай айтып кеткен:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз...

Бұл өтіріктің залалы басқаларға өтіп, қоғамдағы әділдік пен тәртіпті бұзып, тұрақтылыққа сызат түсіруі мүмкін. Өтірік жүрген жерде адамның бір-біріне сенімсіздігі пайда болады да, береке кетеді. Қорқыттың нақыл сөздерінде өтірік жайлы мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Сондықтан Қорқыт ата өтірік сөйлеуден сақ болуға шақырады.

«*Тәкаппарды тәңірі сүймес*» дейді ата-бабамыз. Бұл адам бойына жараспайтын сипаттың қаншалықты зиянды екенін бірі білсе, енді бірі білмей жатады. Тәкаппарлық туралы ой-пікірлер Қорқыттың замандасы А. Иүгінеки «*Және бір керекті сөзім бар саған, мен оны айтайын құлақ қой. Ол сөз – мынау. Тәкаппарлықты басыңнан шығарып, кішіпейілділікті берік ұста. Одан мүлде айырылма. Тәкаппарлық барлық жерде жиіркенішті қылық*», «*Біреулер ұлықсынып, «Мен, Мен», – дейді. Ондай адамды халық та, құдай да сүймейді*», «*Тәкаппар киімін кисең, тез таста*», «*Мұсылмандықтың белгісі – көнбістік. Егер мұсылман болғың келсе, көнбісті бол. Көнбісті адамды тәңірі жоғары көтереді, Тәкаппарлықты көрсететін адамды төмен құлдилатады*». Қорқыт сөзімен үндесіп жатқанын байқауға болады. М.Қашқари тәкаппарлық туралы «*Таққа шығып тұрсаң да, тәңіріңді ұмытпа, Асып-тасқан көңіліңді ақылыңмен шыбықта*», – деп насихаттайды. Мінекей осы қасиеттерден сақ болу үшін Қорқыт ата келесі нақыл сөзінде: «*Алла, Алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі бермейінше ер байымас*» – деп менмендікті, тәкаппарлықты жену арқылы, адамдардың қадірі Алла алдында да, адам алдында да байи түспекші деп ой қорытады.

**Таным объектісі ретіндегі қызметі:** «*Есекке қанша жүген салғанмен, ат болмас*». Бұл мақал тура мағынасында емес, астарлы мағынада қолданылып тұр. Қазіргі таңда бұл мақалдың бірнеше нұсқаларын қолданамыз. Мәселен, «*Қара есектің басына жүген салғанмен қашыр болмайды*», «*Есекке жүк артқанмен түйе болмас, Сыырды жиі сауғанымен бие болмас*» секілді бірнеше нұсқалары бар. «*Өзіңнен тумаса ұл өгей: қанша бағып қақанмен ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң өз жөніне кетеді, бәлкі ол тәрбиелеген адамға көрдім-білдім деген сөзді айтпас*». Әрине барлық бала бірдей емес. Қанша өгей болғанымен ата-аналардың және балалардың бір-бірінен жатырқамай, кейде туған әке-шешеден де артық жарасып кететіндерін жиі кездестіреміз. Қазақта «*Бәрі баласын қанша бағып қақсаң да, орманға қарап ұлиды*» деген сөзге сәйкес келіп тұрғандай.

«*Мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі*», «*Өлімді тоқтатса, тек өнер ғана тоқтатар*». Адамның тәні өткінші болғанымен, оның жаны, рухы, артында қалған істері мәңгі жасап, ұмытылмайтындығын ұғындырады.

Өлсе өлер, табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайта келіп, ойнап күлмес.  
Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – деп жырлаған Абай атамыздың сөздері Қорқыттың сөздерімен үйлесін тапқандай. Тағы да Абайдың,

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,  
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.  
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,

Өлсең де, өлмегенмен боласың тең, – деп жырлаған Абай атамыз артыңа жақсы іс қалдыруды мақсат тұтқанын жөн дейді. Бұқар жыраудың,  
 Өлмегенде не өлмейді?  
 Жақсының аты өлмейді,  
 Ғалымның хаты өлмейді – деп жырлады. М.Мақатаевтың,  
 Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
 Жыр жазсам, оған жұртым елеңдестің.  
 Өлсе, өлер Мұқағали Мақатаев,  
 Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім – деп жырлаған ақын қалың қазағының жүрегінде өшпестей орын алды. Осы сөзімді қорытындылай келе Абай атамыздың,  
 Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
 Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
 Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,  
 Сырымды тоқтатайын айта бермей.  
 Ата-бабаларымыз өлімді мойындаса да, өнердің өлмейтінін білген. Сол үшін де Қорқыт өлімнің бар екенін танытып “*Өлмес өмір жоқ, «Сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады», «Өмір барда өлім бар, өзгеру бар»* – деп оқырманына танытады.

### 5 Қорытынды

Қорытындылай келе, Қорқыт ата мұрасы ертеңгі зиялы азамат ретінде елінің шын патриоты болып өсуімізге ықпалы зор. Сондықтан Қорқыт атаның нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні орасан зор. Қорқыт нақыл сөздерін әр жастағы адам өзінше оқиды, өзіне керегін алып, өзінше ой түйіп өмірлік тәжірибеде қолданады. Абайдың *«өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған»* деген өлең жолымен аяқтағымыз келеді. Қорқыттың өзі өлгенімен артында қалдырған мәңгілік өшпес мұрасы әр буынмен астасып ғұмыр кешеді. Жаңа толқынмен келер ұрпақпен дамып, өркендеп қанат жаяды. Саналы болашақ өкілдерінің санасында аңыз емес, абыз кейіпкері ретінде орын табады. Қорқыттың мұрасы – ұрпақтар сабақтастығында айырықша орынға ие болып қалмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ фольклорының тарихы». Алматы, – 1991 ж., – 90 б.
2. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті». Алматы, 1991 ж., – 126 б.
3. Қашқари М. «Түбі бір Түркі тілі», Алматы, 1993 ж., – 190 б.
4. Кейкін Ж. «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі», Алматы, 2002 ж., – 446 б.
5. Тұрманжанов Ә. «Қазақ мақал-мәтелдері», Алматы, 1993 ж., – 171 б.

*Материал редакцияға түсті: 15.04.2022*

**БЕКБОВЫНОВА, А.Х., КУАНЫШБАЕВА, Г.Ш., ЖАКСЫЛЫК, А.Ж.**

### ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОСЛОВИЦ КОРКЫТ АТА

*Данная статья направлена на углубленное познания наследия Коркыта ата и его сокровищ, творческой мудрости для нашего народа, философского мировоззрения и способности к удивительному кую. Книга Коркыт ата – главная книга истории и культуры нации. Это – мир мыслей, мудрости и поучительных слов.*

**Ключевые слова:** *Коркыт ата, притча, книга Коркыт ата.*

**BEKBOVINOVA, A.KH., KUANYSHBAEVA, G.SH., ZHAKSYLYK, A.ZH.**

### EDUCATIONAL MEANING OF KORKYT ATA PROVERBS

*This article is aimed at deepening the knowledge of the heritage of Korkyt, treasures, creative wisdom of our people, philosophical outlook, the ability to amazing kuyu. The Korkyt ata book is the main book of the history and culture of the nation. A world of thoughts, lectures of wisdom, diamonds of words shrouded in the ocean.*

**Key words:** *Korkyt ata, parable, Korkyt ata book.*